

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 5 қараша

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастаймыз. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар, алдымен күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Тұрғымбаев Ерлан Заманбекұлына беріледі.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы ұсынылады.

Келісімге 2019 жылы 25 қазанда Нұр-Сұлтан қаласында қол қойылды. Бұл құжат азаматтық туралы ақпарат алмасуға, заңсыз көші-қонмен күресуге мүмкіндік береді.

Нақты айтсақ:

Статистика мен ақпарат алмасуға мүмкіндік бар.

Азаматтар туралы жеке ақпарат алуға болады.

Екі ел үкіметтері тәжірибе алмасып, бір-біріне практикалық көмек көрсетеді.

Қазақстан мен Беларусь азаматтарының құқықтық мәртебесі анықталады.

Көші-қон саласындағы қылмыстармен күресіп, заңсыз каналдарды жоюға болады.

Беларусь Парламенті келісімді 2020 жылғы 18 мамырда бекітті.

Бүгінгі таңда Ішкі істер министрлігі көші-қон бойынша 23 халықаралық келісімді бекітті. Халықаралық деңгейде тағы 9 келісім дайындалуда.

Осы келісімдердің нәтижесінде:

ақпарат алмасу жақсарды;

адамдарды басқа елдерге қайтару мәселесі шешілді;

шетелдіктердің Қазақстанда болу мерзімі анықталды;

қос азаматтыққа жол берілмейді.

Құрметті депутаттар! Заң азаматтық туралы ақпарат алмасуға, заңсыз көші-қонды реттеуге, қос азаматтықпен күресуге бағытталған. Әлеуметтік-экономикалық және құқықтық теріс салдарға әкеп соқпайды, сондай-ақ қосымша қаражат талап етпейді.

Қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, енді сұрақ қою рәсіміне көшейік.

Сөз депутат Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Рақмет.

Еліміздің халықаралық байланысы дамыған сайын көші-қон саласында қос азаматтық мәселесінің де өсетіні байқалады, яғни кейбір қазақстандықтар басқа елдің азаматтығын алған соң да біздің азамат болып қала береді және керісінше, шетелдіктер Қазақстанның азаматтығын ала отырып өз елінің азаматтығын да сақтап қалады.

Құрметті Ерлан Заманбекұлы, осыған байланысты сізге сұрақ. Қос азаматтық фактілерінің алдын алу және оған жол бермеудің құқықтық тетіктері бізде бар ма? Мына бекітілейін деп отырған келісімнің оған септігі тие ме?

Сұрақтың екінші бөлігі Сыртқы істер министрлігінің өкіліне.

Көтерілген мәселені екіжақты емес, мысалы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шеңберінде көпжақты келісіммен кешенді шешуге бола ма, әлде оған белгісіз бір кедергілер бар ма? Рақмет.

ТӨРАҒА. Ерлан Заманбекұлы, алдымен сіз жауап берсеңіз.

ТҰРҒЫМБАЕВ Е.З. Сұрағыңызға рақмет. Шынында да мына жаңа келісім қос азаматтыққа жол бермеу үшін Беларусь мемлекетінің құзыретті органдарымен дайындалған. Біріншіден, келісімнің 5-бабы бойынша екі тарап бір-бірімен азаматтық туралы ақпарат алмасады.

Бізде шекарада «Бүркіт» деген тағы да ақпараттық база бар, «Бүркіт» ақпараттық базасы арқылы шетелден келген азаматтар шекарадан өткенде тіркеуден өтеді. Сол арқылы біздің қанша азаматтың шығып жатқанын, қанша шетелдік азаматтың келіп жатқанын біліп отырамыз. Егер қос азаматтық мәселесі шығып жатса, сонда біз осы шекара қызметкерлері арқылы осындай ақпарат береміз, осындай жағдайларды анықтаймыз.

Осы құзыретті органдардың арасында, Ішкі істер министрлігінің арасында тағы да ақпараттық базамыз бар, біздің азаматтар шетелге шыққанда уақытша тіркелсе (жұмыс

немесе басқа жағдаймен барғанда), онда басқа құзыретті органдар бізге хабарлама береді. Біз осындай жұмыс атқарып жатырмыз, Беларусь мемлекетімен бізде ешқандай мәселе жоқ, бәрі дұрыс істеліп жатыр.

ТӨРАҒА. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Сыздықов Марат Зеникенұлы, сіз жауап беріңіз.

СЫЗДЫҚОВ М.З. Сұрағыңызға рақмет.

Действительно, на площадках интеграционных структур постоянно поднимается этот вопрос руководителями миграционных служб, консульскими представителями. В то же время следует отметить, что во всех странах Содружества Независимых Государств существует неоднородное законодательство по вопросам предоставления гражданства, миграции, обмена персональными данными. Так, например, в Российской Федерации и Республике Армения признается двойное гражданство, а в остальных странах Содружества Независимых Государств не признается.

Кроме того, есть такие вопросы, которые затрагивают сферу национальной безопасности, например, касающиеся обмена персональными данными.

Есть страны, которые направляют мигрантов в другие государства, есть страны-реципиенты, которые принимают таких мигрантов. Естественно, у этих групп стран разные подходы к решению этих вопросов, разное законодательство. В связи с этим данные вопросы достаточно сложно решить на многосторонней площадке, такой, как Содружество Независимых Государств. К тому же, в рамках Содружества Независимых Государств, как вы знаете, если принимается, подписывается какое-то соглашение, то не обязательно присоединение всех государств к этому соглашению, то есть кто-то может подписать, кто-то может не подписать. И оно действует только для тех, кто подписал это соглашение. Поэтому достаточно затруднительно на этой многосторонней площадке решить этот вопрос.

Вместе с тем в Плане заключения международных договоров на 2020 – 2021 годы это соглашение включено по линии Министерства внутренних дел. На следующий год предлагается его подписать в рамках Содружества Независимых Государств. Это делается для того, чтобы по истечении какого-то времени любая страна имела возможность присоединиться в случае изменения какой-то внутренней ситуации или законодательства.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Ерлан Заманбекұлы, рақмет, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Әбдікерев Рысқали Қалиақбарұлына беріледі.

ӘБДІКЕРОВ Р.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Бүгінгі қаралып отырған заң жобасындағы бүкіл әлем қоғамдастығының тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіріп отырған заңсыз көші-қон проблемасы біздің елімізде де

барған сайын айқын көріністерге ие болып, бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Ресми статистикаға қарасақ, 2019 жылы Қазақстанға кірген шетелдіктердің саны 6 миллионнан астам болса, оның 32 мыңға жуығы Беларусь Республикасының азаматтары. Ал әкімшілік жазаға 94 мың шетелдік тартылса, олардың 76-ы Беларусь азаматтары.

Осы тұста бүгінгі қарастырылып отырған келісім өзекті және уақытылы деп айтуға болады. Келісімді ратификациялау ақпарат алмасуға, заңсыз көші-қонмен күресуге, сондай-ақ екі ел арасындағы достық пен әріптестік қарым-қатынастарды дамытуға және көші-қон саласында қалыптасқан екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге бұл құжат шеңберінде ақпарат пен мәліметтер алмасу түрлері, ақпарат берілуі мүмкін азаматтардың санаттары және оларға қатысты берілуі мүмкін дербес деректер тізбесі, сондай-ақ ынтымақтастықты нығайту нысандары мен негізгі бағыттары нақты көрсетілген. Екі елдің көші-қон мәселелерінде өзара әрекеттесетін құзыретті органдары да анықталған.

Тұтастай алғанда келісім Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейді және «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары бойынша ратификациялауға жатады.

Заң жобасы комитеттің кеңейтілген отырысында бастамашылардың қатысуымен жан-жақты талқыланды. Сенаттың басқа комитеттері заң жобасын қолдайтындықтары жөнінде өздерінің оң қорытындыларын берді.

Құрметті әріптестер, Мәжіліс мақұлдаған осы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Рысқали Қалиақбарұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Көші-қон саласында екіжақты ынтымақтастықты дамыту және нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялауды мен толық қолдаймын.

Заңсыз көші-қонға қарсы тұрудың ең тиімді әдісі – халықаралық ынтымақтастық.

Аталған келісім мемлекеттер арасында азаматтық туралы ақпарат алмасу, көші-қонды реттеу және қос азаматтықпен күресу үшін маңызды мәселе болып отыр.

Сонымен қатар бүгінгі күні Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде тараптар мемлекеттерінің уәкілетті органдары арасында азаматтардың бірыңғай еңбек өрісі бойынша ақпарат алмасу жүргізілуде. Алайда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ақпаратына сәйкес бүгін Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде азаматтардың ақшалай жәрдемақылар мен зейнетақы төлемдері бойынша проблема туындап отыр. Бұл ретте келісімде екінші құзыретті орган болып Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі белгіленді.

Келісімді ратификациялау тараптар мемлекеттері азаматтарының және олардың отбасы мүшелерінің тұру құқықтарын қорғауды, екі ел арасында тәжірибе алмасуды, заңсыз көші-қонмен күресуді қамтамасыз етеді.

Осы мемлекетаралық ынтымақтастық Қазақстан Республикасының заңсыз көші-қонға қарсы күрестегі өзара іс-қимыл тиімділігін арттырады. Осыған орай халықаралық құқық нормаларын және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі заңнамаларын негізге ала отырып, аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Осы заң жобасы бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Кеме қатынасы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Қамалиев Берік Сайлауұлына беріледі.

ҚАМАЛИЕВ Б.С. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Кеме қатынасы туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасын ұсынып отырмыз.

Аталған келісім Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы мемлекеттер арасында жасалды.

Келісімнің негізгі ережелері келесіге бағытталған.

Біріншіден, тараптардың ішкі су жолдары бойынша кемелердің транзиттік өтуіне рұқсат беру тәртібін жеңілдету. Атап айтқанда, келісімде транзиттік өтуге арналған өтінімді қарау мерзімі 10 күн және рұқсатты беретін уәкілетті орган Ресей Федерациясының Көлік министрлігі болып белгіленді.

Келісімге қатысушы елдердің ішінде кемелердің транзиттік жүзуі тек Ресейдің ішкі су жолдарымен жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта транзиттік өту рұқсатын бізге Ресей Федерациясының Үкіметі береді. Бұл рұқсатты алу үшін 3 айдан 6 айға дейін біз уақытымызды жоғалтып отырмыз.

Негізінен жүктер Қара теңіз порттарынан қазақстандық порттарға (Ақтау, Құрық, Баутино, Атырау) Волго-Дон каналы арқылы жеткізіледі.

Ресейдің ішкі су жолдары арқылы тек қазақстандық компаниялардың жеңілдетілген тәртіппен өту мүмкіндігі болғандықтан, қазіргі уақытта Еуразиялық одаққа

мүше емес Каспий маңындағы елдер (Әзірбайжан, Иран, Түрікменстан) Каспий порттарынан Қара теңіз порттарына жүктерді тасымалдау үшін өздерінің ниеттерін білдіруде. Біздің «Қазтеңізфлот» компаниясы мен «OMS Shipping» ЖШС өздерінің дайын екендігін білдіріп отыр. Бұл біздің Ақтау және Құрық порттарының Транскаспий халықаралық көлік маршруты бойынша қабілеттілігін арттыратын болады.

Келісімді қабылдаудың арқасында Ресейдің ішкі су жолдарымен транзиттік тасымалды 2025 жылға 250-300 мың тоннаға арттыруды көздеп отырмыз.

Екіншіден, екіжақты тасымалдарды хабарлама тәртібіне ауыстыру белгіленген.

Жыл сайын 1 сәуірге дейін уәкілетті органдар екіжақты тасымалдарды жүзеге асыратын кемелердің алдын ала тізімдерін келісетін болады. Қажет болған жағдайда жыл ішінде бұл тізімге өзіміздің өзгерістерімізді енгізуге мүмкіндік болып отыр. Бұл ретте келісім қабылданғаннан кейін қазақстандық тасымалдаушылардың өзен тасымалдарын арттыруға да мүмкіншілігі болады. Ертіс бассейні шегінде ғана емес, Обь өзенінен Ханты-Мансийск округына дейін шығуға мүмкіндік алатын боламыз.

Сондай-ақ Атырау, Астрахань, Волгоград порттары арасындағы екіжақты тасымалдарды жаңарту мәселесі де қарастырылып отыр. 2025 жылға қарай өзен тасымалдарының көлемін «Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша 3,8 миллион тоннаға дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз.

Үшіншіден, келісім тараптардың порттар қызметтеріне тең жағдайлар жасауын, сондай-ақ кеме және экипаж мүшелерінің құжаттарын өзара тануды көздейді. Бұл бақылаушы органдардың кемелерді қарап-тексеру рәсімдерін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Келісімді іске асыру шеңберінде тараптар экипаж құрамына қойылатын талаптарды белгілеу бойынша жеке ведомствоаралық шарт қабылдауды жоспарлауда.

Келісімді ратификациялау қосымша бюджет қаражатын қажет етпейді. Қарауларыңызға ұсынылған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймыз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ қою рәсіміне көшеміз.

Слово предоставляется депутату Карплюку Сергею Алексеевичу.

КАРПЛЮК С.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханулы.

Уважаемый Берик Сайлауович, в своем докладе Вы отметили возможные перспективы развития судоходства. В частности, благодаря упрощению транзитного прохода по внутренним водным путям Российской Федерации планируется увеличение грузоперевозок из Каспийского моря до портов на Черном море до 250–300 тысяч тонн.

Каково сегодня количество отечественного торгового флота, и готов ли казахстанский флот обеспечить указанный перспективный объем грузопотока? Спасибо.

ТӨРАҒА. Берік Сайлауұлы, жауап берсеңіз.

ҚАМАЛИЕВ Б.С. Спасибо за вопрос, Сергей Алексеевич.

Конечно, нам хотелось бы иметь на Каспии доминирующую роль нашего «Казмортрансфлота». Пока «Казмортрансфлот» из портов нашего Каспийского хаба перевозит только 51 процент всех грузов.

В настоящее время торговый флот Казахстана состоит из девяти судов (пять танкеров и четыре сухогруза). Как я отметил в своем докладе, мы перевозим нефть, зерно, металлопродукцию, контейнеры. Это немаловажный вопрос для нас, мы планируем увеличить до 2025 года на шесть судов (два парома и четыре контейнеровоза). На сегодняшний день всем портам поставлена задача по диверсификации. Если в 2010 году перевалка через наши порты составляла почти 10 миллионов тонн нефти, на сегодняшний день вся нефть ушла на Каспийский трубопроводный консорциум, мы отправляем через порты только 2 миллиона тонн нефти. Поэтому заложено приобретение шести судов (два парома и четыре контейнеровоза).

Также мы хотим привлечь самоходные баржи грузоподъемностью до 3 тысяч тонн. В свое время это было изготовлено ТОО «Тенгизшевройл».

В целом наш торговый флот, я думаю, готов сегодня для тех объемов, которые будут увеличены для выхода на черноморские порты. Мы планируем довести до 250–300 тонн. Сегодня мы перевозим почти 60 тысяч тонн, это оборудование для нефтегазовых компаний, которые занимаются расширением своих проектов.

ТӨРАҒА. Рақмет, Берік Сайлауұлы. Басқа сұрақтар жоқ, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Бүгінгі қаралып отырған «Кеме қатынасы туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде халықаралық-құқықтық базаны кеңейтуге бағытталған.

Заң жобасының мақсаты үйлестірілген көлік саясаты туралы хаттаманы іске асыру және Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы елдер арасындағы су көлігі саласындағы ынтымақтастықты нығайту болып табылады.

Заң жобасының міндеттері:

- 1) ЕАЭО қатысушы елдердің ішкі су жолдарымен кемелердің кедергісіз жүріп-тұруы үшін құқықтық негіз құру;
- 2) порт қызметтеріне тең қол жеткізу;
- 3) қазақстандық кеме иелері мен кеме экипажы мүшелерінің мүдделерін қорғау болып табылады.

Кеме қатынасы туралы келісім су көлігіндегі өзара қатынастарды реттеу саласында бірыңғай құқықтық өріс құруға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында көлік-логистикалық кешенді дамыту мәселесі өзекті болып қала беретінін атап өтті. Бұл саладағы бәсекелестік өте жоғары және Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі серпінді инфрақұрылымдық жобалар, жаңа елдер мен компанияларды тарту, сервис деңгейін және транзиттік бағыттардың жылдамдығын арттыру есебінен өсуге тиіс.

Бүгінгі таңда Қазақстан көлік саласын дамытуға және Қазақстанның «транзиттік хаб» ретінде қалыптасуына үлкен мән береді.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында Ақтау портында жаңа құрғақ жүк терминалдары, Құрық портында көпфункционалды паром кешені салынды.

Бізде тек Ақтау портынан ғана емес, сонымен қатар басқа Каспий маңы порттары арасында да жүк тасымалдауға қатысатын жеке сауда флоты бар.

Осыған байланысты көрші мемлекеттердің ішкі су жолдарын пайдалану Қазақстанға әлеуметтік және экономикалық жағынан тиімді екені сөзсіз. Бұл біздің кеме қатынасы компанияларына әлемдік теңіз кеңістіктеріне еркін қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қолданыстағы рәсімдерді оңайлату, порттардың қызметтеріне және реттелетін қызметтерге қол жеткізудің бірдей шарттары, құжаттарды өзара тану біздің еліміздің су көлігі инфрақұрылымын одан әрі дамытуға, өзара тауар айналымын ұлғайтуға ықпал ететін болады, қазақстандық кеме қатынасы компанияларына көлік қызметтері нарығында тең бәсекелесуге мүмкіндік береді.

Заң жобасы маңызды және стратегиялық маңызы зор.

Құрметті әріптестер! Келісімді ратификациялау мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлуді талап етпейді.

Сенаттың тұрақты комитеттерінде осы заң жобасы бойынша ескертулер мен ұсыныстар жоқ.

Баяндалғанды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 4-тармағына сәйкес Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті «Кеме қатынасы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сүйіндік Тасеменұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз депутат Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Е.Х. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Еуразиялық экономикалық кеңістік шеңберінде сауда-экономикалық ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мүмкіндік беретін аталмыш заң жобасы маңызды құжат.

Сауда мақсатында теңізде жүзу саласында туындайтын проблемаларды шешу, теңіз индустриясына қатысушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау – кеме қатынасын дамытуға ықпал ететін заңнамалық базаны жетілдіру негізінде құрылады.

Бүгінде еліміздің транзиттік-көліктік әлеуетін дамыту – мемлекет алдында тұрған негізгі стратегиялық міндеттердің бірі.

Өткен жылы «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасының бірінші кезеңін жүзеге асыру аяқталды. Бұл елдің жалпы ішкі өнімдегі көлік үлесін 8,3 пайызға жеткізуге мүмкіндік берді.

Аталған бағдарлама шеңберінде:

республикалық маңызы бар 3 мың шақырымға жуық автожол салынды, атап айтқанда «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің құрылысы аяқталды;

шамамен 1,4 мың шақырым темір жол пайдалануға берілді;

теңіз порттарының өткізу қабілеттілігі 27 миллион тоннаға дейін өсті.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында көлік-логистика кешенін дамыту мәселесінің өзектілігін атап өтіп, «Нұрлы жол» бағдарламасының екінші кезеңі аясында көлік-транзит секторының жетекші рөлін орнықтыруға назар аударуды тапсырды.

Баяндамашы айтып өткендей, келісім нормалары біздің кеме иелері үшін транзиттік өтуді жеңілдету, екіжақты тасымалдау кезіндегі хабарлама тәртібі және кеме құжаттарын тану сияқты бірқатар оң аспектілерді көздейді. Осылайша, келісімнің қабылдануы Ертіс өзенінде де, Орал-Каспий бассейнінде де өзен тасымалдарының дамуына серпін береді. Сол арқылы Ресей Федерациясының өзен су жолдарына кіруге жол ашады.

Бұл шаралар Ресей Федерациясымен екіжақты тасымалдау көлемін арттырып қана қоймай, Қытаймен мультимодальдық тасымалдарды дамытуға мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, осы заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау аяқталды. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Кеме қатынасы туралы келісімді ратификациялау туралы» Заң жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қабылданған заң Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің байланысын нығайтуға, көліктік инфрақұрылымды дамытуға және тауар айналымын арттыруға септігін тигізеді.

Қазақстандық флоттың ашық теңіздерге шығуы үшін осы келісім мен заңның маңызы өте зор.

Бұл құжат алдағы уақытта Ресейдің ішкі су жолдары арқылы Қара теңіз бен Жерорта теңізіндегі порттарға дейін тасымалданатын жүк көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Сол арқылы ел экономикасының өркендеуіне ықпал ететіні сөзсіз.

Бұл заң жобасы бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті сенаторлар! Келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда қарау жөнінде.

Бұл заң жобасын Парламенттің бір топ депутаты әзірледі.

Баяндама жасау үшін сөз бастамашы топтың атынан Сенат депутаты Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірменді әріптестер және қатысып отырған лауазым иелері! Ұсынылып отырған заң жобасын бір топ Парламент депутаттары әзірледі және оның мақсаты еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, сонымен қатар мемлекеттің шекарасын қорғау, күзетуге бағытталған заңнаманы одан әрі жетілдіру.

Заң жобасы арқылы қолданыстағы 25 заңға және 1 кодекске түзету енгізіледі. Олардың негізгісі мынадай.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жалпы жүйесіне қосу-біріктіру арқылы Шекара қызметінің басқару моделі оңтайландырылады және әскери басқару органдары құрылымын қалыптастыру қағидаты өзгереді. Егер ол бұрын әскери принципке негізделген болса, енді әкімшілік-аумақтық жағдайды да қарастырады. Бұл мемлекеттік шекараны қорғау мен күзетудің тиімді жүйесін құру, сонымен қатар барған сайын кешенді сипатқа ие болып отырған қазіргі заманғы сын-қатерлер мен қауіптерге қарсы іс-қимыл жасау қажеттілігінен туындап отыр.

Ұлттық қауіпсіздік органдары аралас принцип бойынша жасақталады және құрамы әскери қызметшілерді де, қызметкерлерді де қамтиды.

Осыны ескере отырып заң жобасында оларды бір санаттан екінші санатқа өткізу құқығы қарастырылған. Бұл құқық комитет төрағасының белгіленген тәртібімен жүзеге асырылады.

Заң жобасы арқылы мемлекеттік шекара туралы заңнаманы бұзудың ықтимал тәуекелдерін төмендетуге бағытталған нормалар ұсынылады.

Шекара қызметіне ведомство құқығы беріліп, Авиациялық қызмет бөлініп алынады. Бұл тек мемлекеттік шекараны қорғау мен күзетуде ғана емес, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін басқа да міндеттерді шешуде авиация қызметін жедел түрде іске қосу мүмкіндігін береді.

Шекара қызметінің академиясы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне беріледі. Бұл шекара қызметінің әскери қызметшілерін оқыту мен даярлаудың сапасын арттыруға ықпал ететін болады.

Заң жобасы ұлттық қауіпсіздік органдарының және биліктің жергілікті атқарушы органдарының функцияларын нақтылайтын және толтыратын нормаларды да қамтиды. Оларды қабылдау қызметтік жауынгерлік іс-қимылды жетілдіру, сондай-ақ шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінде жергілікті атқарушы органдармен өзара байланысты жетілдіру қажеттілігінен туындады.

Тұтастай алғанда заң жобасын қабылдау мемлекеттік шекараны қорғау мен күзету жүйесін жетілдіруге, сонымен қоса ұлттық қауіпсіздік органдарының функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға ықпал ететіні сөзсіз.

Заң жобасын қабылдаудың теріс әлеуметтік және экономикалық салдарлары болмайды және мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржы талап етпейді.

Құрметті әріптестер, қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ қою рәсіміне көшейік.
Сөз депутат Мусин Дүйсенғазы Мағауияұлына беріледі.

МУСИН Д.М. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер!

Мой вопрос к Директору Пограничной службы Комитета национальной безопасности Республики Казахстан Дархану Айткалиевичу.

Вопрос касается расширения обязанностей Пограничной службы в части обеспечения сохранности линий связи и коммуникаций в пограничном пространстве (пункт 23 статьи 1 законопроекта). На мой взгляд, данная норма недостаточно проработана. Во-первых, в данной норме не определены виды линий связи и коммуникаций, что предполагает широкое толкование, то есть это линии связи и коммуникации, которые необходимы для обеспечения деятельности Пограничной службы, расположенные в пограничной полосе, либо это все линии связи и коммуникации, независимо от их видов и принадлежности, расположенные в пограничном пространстве.

Следует отметить, что в соответствии со статьей 24 Закона Республики Казахстан «О правовых актах» положения правового акта должны быть предельно краткими, содержать четкий и не подлежащий различному толкованию смысл.

Во-вторых, согласно вышеназванной норме к зоне ответственности Пограничной службы относятся объекты связи и коммуникаций, расположенные в пограничном пространстве.

В соответствии с Законом «О Государственной границе Республики Казахстан» в состав пограничного пространства, кроме пограничной полосы, входит территория пограничной зоны, примыкающая к линиям государственной границы, пределы которой определены постановлением Правительства от 16 апреля 2014 года. И пределы пограничной зоны составляют:

с Китайской Народной Республикой – это вся территория приграничных районов;
с Российской Федерацией, Кыргызской Республикой, Республикой Узбекистан и Туркменистаном – это территория районов в пределах 25 километров от пограничной полосы.

Получается, что Пограничной службе, кроме основной деятельности по охране государственной границы, необходимо обеспечивать сохранность линий связи и коммуникаций на таких огромных территориях. На мой взгляд, это неправильный подход.

Таким образом, возникают следующие вопросы.

1. Сохранность каких видов связи и коммуникаций должна обеспечивать Пограничная служба, и как будет осуществляться такая деятельность (линейный обход, охрана объектов и так далее)?

2. Предусмотрена ли ответственность Пограничной службы за ненадлежащее исполнение обязанностей по обеспечению сохранности линий связи и коммуникаций?
Рақмет.

ТӨРАҒА. Шекара қызметінің басшысы Ділманов Дархан Айтқалиұлы, алдымен сіз жауап берсеңіз.

ДІЛМАНОВ Д.А. Спасибо за вопросы.

Разрешите доложить, что данный вопрос очень внимательно согласовывался со Службой правительственной связи. Мы хотели бы и настаивали бы на том, чтобы оставить за Пограничной службой обязанность охраны и содержания данных линий связи. Почему? Здесь четко было отмечено, что есть пограничная полоса, есть пограничная зона, где установлены наши режимы.

Ранее всегда содержание линий связи оставалось за нами. Это нам позволяло своевременно выявлять, если возникают вопросы по поломке линий связи, по выходу из строя средств (радиорелейные вышки, различного характера блоки), которые обеспечивают закрытый канал связи. В первую очередь мы говорим о закрытом канале связи, чтобы мы могли поддерживать его и своевременно реагировать, если это связано с защитой государственных секретов.

Все эти вопросы урегулированы приказом Председателя Комитета национальной безопасности в Правилах обеспечения охраны Государственной границы. В этих правилах прописан такой вид пограничного наряда, как дозор по проверке линий связи. Он у нас есть, имеется, и в настоящее время мы продолжаем физически осуществлять охрану и защиту линий связи, объектов связи, средств связи, так как мы являемся эксплуатантами. В этой связи мы хотели бы получить понимание и поддержку уважаемых сенаторов, чтобы эта норма осталась за нами.

Что касается наказания, то соответствующие наказания в дисциплинарном порядке имеются согласно уставу, если будет несвоевременное или некачественное обеспечение сохранности линий связи, а также эксплуатации связи. Кроме того, есть административное или уголовное наказание. Почему? Потому что основной упор мы делаем на сохранность линий связи закрытого характера. Связь со всеми подразделениями государственной границы у нас имеется в закрытом режиме, мы называем ее оперативной связью. Вот об этой линии связи идет речь.

ТӨРАҒА. Что в отношении других линий связи, кто их защищает, кто обеспечивает их безопасность?

ДІЛМАНОВ Д.А. Что касается линий связи открытого характера, также мы поддерживаем, в случае выхода из строя информируем Службу правительственной связи, прибывают специалисты и совместно с нами обеспечивают восстановительно-ремонтные работы.

ТӨРАҒА. Нұржан Нұрланбекұлы, өз тарапыңыздан жауапқа қосарыңыз бар ма?

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Жоқ, бәрін толық айтты.

ТӨРАҒА. Әріптестер, басқа сұрақтар жоқ.

Нұржан Нұрланбекұлы, рақмет сізге. Орныңызға отырыңыз.

Слово для содоклада предоставляется члену Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бір топ Парламент депутаттары әзірлеген.

Заң жобасының негізгі мақсаты мемлекеттік шекараны күзету жүйесінің тиімділігін, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарының функционалдық мүмкіндігін арттыру болып табылады. Осыған байланысты 1 кодекс пен 25 заңға келесі бағыттар бойынша түзетулер енгізу ұсынылады:

Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен оның ведомстволарының қызметін реттейтін нормаларды заңнамалық тұрғыдан бекіту;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, оның аумақтық және басқа органдарының заманауи құрылымын құру;

мемлекеттік шекара туралы заңнама талаптарын бұзуды болдырмауды қамтамасыз ету;

ұлттық қауіпсіздік органдары мен жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының белгіленген режимін сақтауға, сондай-ақ инфрақұрылымды дамытуға және арнайы инженерлік-техникалық құралдарды пайдалануға бағытталған функцияларын нақтылау және толықтыру.

Заң жобасының күтілетін нәтижелері Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау мен күзетудің тиімді жүйесін құру, ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметтік-жауынгерлік істерін жетілдіру, сондай-ақ олардың жауынгерлік дайындығы мен қабілеттілігінің жоғары деңгейін сақтау болып табылады.

Заң жобасының тұжырымдамасы бойынша Сенаттың тұрақты комитеттері оң қорытындыларын берді.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті Парламент Сенаты Регламентінің 58-тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісінде мақұлданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету және ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды сұрайды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сергей Михайлович.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік. Талқылауға қатысатын әріптестер бар ма?

Сөз депутат Мұсабаев Талғат Амангелдіұлына беріледі.

МҰСАБАЕВ Т.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Бүгін біздің назарымызға Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары әзірлеген маңызды заң жобасы ұсынылды. Баяндамашы осы заң жобасының мазмұнын толық баяндады.

Қаралып отырған заң жобасының басты міндеті мемлекеттік шекараны қорғаудың қолданыстағы жүйесінің тиімділігін, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарының функционалдық мүмкіндіктерін арттыру болып табылады.

Заң жобасын қабылдау мемлекеттік шекараны қорғау және күзету жүйесін жетілдіруге, Ұлттық қауіпсіздік органдарының функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ олардың жауынгерлік әзірлік пен жауынгерлік қабілеттілік деңгейін қолдауға ықпал ететін болады.

Осыған байланысты мен осы заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау аяқталды.

Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөніндегі Сенат қаулының жобасы сіздерде бар. Сол қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды. Бас комитетке заң жобасын екінші оқылымға әзірлеу тапсырылады.

Сөз Мұхтар Абрарұлына беріледі.

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Аталған заң жобасының маңыздылығын ескеріп, оны екінші оқылымда қарауды бүгінгі отырыстың күн тәртібіне енгізуді сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бұл ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Шешім қабылданды. Заң жобасы бүгін екінші оқылымда қаралады.

Күн тәртібіне қосымша енгізілген мәселе бойынша комитеттің отырысын өткізу үшін 10 минутқа үзіліс жариялаймын.

ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН KEЙІН.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар! Тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Жұмысымызды жалғастырайық.

Құрметті әріптестер! Күн тәртібіне қосымша енгізілген «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда қараймыз.

Слово для доклада предоставляется члену Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Сенатта бірінші оқылымда қаралып, мақұлданды.

Заң жобасының негізгі мақсаты – мемлекеттік шекараны күзету жүйесінің тиімділігін, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарының функционалдық мүмкіндігін арттыру.

Заң жобасының негізгі міндеті – мемлекеттік шекараны күзету бойынша қызметтік және жауынгерлік тапсырмаларды орындау кезінде әскери қызметшілер мен ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің жұмысын жедел ұйымдастыруды және жауынгерлік дайындықты жетілдіру.

Заң жобасы бойынша Сенаттың тұрақты комитеттерінен ұсыныстар мен ескертпелер жоқ.

Заң жобасы комитет отырысында қаралды, оның қорытындысы бойынша «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қабылдау ұсынылады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Спасибо, Сергей Михайлович.

Құрметті әріптестер, заң жобасы бірінші оқылымда жан-жақты талқыланды. Тағы да талқылаудың қажеті бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының

Заңын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысының жобасы сіздерде бар. Сол қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Мемлекеттік шекара – ұлттық қауіпсіздігіміздің және елдігіміздің кепілі. Сондықтан осы заңды әзірлеп, белсенді және нәтижелі жұмыс жүргізген депутат әріптестерімізге алғысымызды білдіреміз.

Бүгін қабылданған заңда маңызды нормалар қарастырылды. Олар Президенттің мемлекеттік шекараның мызғымастығын қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын іске асыруға арналған.

Қазіргі таңда әлемде түрлі сын-қатерлердің туындап жатқанын көріп отырмыз.

Сондықтан шекараны уақыт талабына сай күзетудің және қорғаудың мықты жүйесін қалыптастырудың маңызы зор. Осы орайда бүгін қабылданған заң ұлттық қауіпсіздік органдарының, Шекара қызметінің тиімділігін арттыруға, шекарамыздың беріктігін қамтамасыз етуге қызмет етеді деп сенеміз.

Осы заң жобасы бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік. Депутаттық сауалдар бар ма?

Сөз депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Біздің депутаттық сауалымыз Премьер-Министрдің атына жолданады. Қысқаша айтатын болсақ, Түркістан қаласында жүргізіліп жатқан құрылыстарға қатысты.

Өздеріңіз білесіздер, қазір бүкіл қазақстандықтар болып атсалысып, Түркістанда көптеген әлеуметтік, өндірістік және басқа да нысандар бой көтеріп жатыр. Ол бәрімізге ортақ тірлік. Бірақ қазіргі уақытта тұрғын үй құрылысына да, басқа да әлеуметтік нысандарға қажетті инфрақұрылым жүргізілу керек. Өкінішке қарай, қазіргі қаралып жатқан бюджетте салынып жатқан тұрғын үйлерге, әлеуметтік нысандарға қажетті ауыз су, кәріз жүйелері, электр жарығын беретін желілер, тағы да басқа қажетті дүниелерге қаржы жетіспейді. Осыған байланысты біз Премьер-Министрден осы үш жылдық бюджетте 23 миллиард теңгенің көлемінде қаржы қарауын сұрап, депутаттық сауал жолдап отырмыз.

Депутаттық сауалдың толық мәтіні қол қойылып жіберілетін болады, қысқаша мәтіні осы.

Тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұралиев Әбдәлі Тоқбергенұлына беріледі.

НҰРАЛИЕВ Ә.Т. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы. Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Біздің депутаттық сауалымызға үстеміздегі жылдың 23 қазанында Сенат қабырғасында өткен «Ауылдық аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытудың жай-күйі және оларды теңгерімді дамытудың

перспективалары туралы» тақырыбына арналған парламенттік тыңдауда көтерілген өзекті мәселелер арқау болып отыр.

Ауылдық аумақтар кез келген мемлекеттің маңызды ресурсы болып табылады. Елімізде агроөнеркәсіптік кешеннің 2021 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жалғасуда. Мемлекеттік қолдау көлемі тек соңғы үш жылда 1,5 есеге ұлғайып, 2020 жылы 350 миллиард теңгеге дейін жетті.

Осы ретте 2019 жылдың 17 қыркүйегінде өзіңіздің төрағалығыңызбен өткен Үкімет отырысында «Жамбыл облысы тұрғындарының тұрмыстық табысын жақсарту жобасы» мақұлданып, қанатқақты жобаның бірінші кезеңін іске асыруға 7,2 миллиард теңге қаржы қарастырылды.

Бүгінгі күні бұл жоба 10 ауданға қарасты 11 ауылдық округте іске асырылуда. «Еңбек» бағдарламасы бойынша «Тараз» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ арқылы жылдық 2,5 пайызбен 7,2 миллиард теңге сомасына 2 мың 489 өтінім қаржыландырылған.

Тауар өндеушілер қажетті тұқымдар, тыңайтқыштар мен химиялық өнімдерді сатып алып, 10,1 мың гектар жерге арпа, бидай, жүгері, көпжылдық шөптер егу мүмкіндіктеріне ие болды. Қияр өсірілетін 8 жылыжай пайдалануға берілді. Сонымен қатар 44 мың 911 бас мал 191 бірлік ауылшаруашылық техникалары сатып алынған. Жалпы межеленген индикаторлардың орындалуы толықтай қамтамасыз етілген.

Өкінішке қарай, қанатқақты жобаны қаржыландыру 2020 жылы жалғасын таппады. Бүгінгі күні жобаның екінші кезеңін іске асыру жоспарланып, 20 ауылдық округ іріктеліп алынған, 3 мың 631 жобаға қажетті қаражат 11,5 миллиард теңге.

Министрліктің мәліметі бойынша жобаның нәтижесіне орай 2,5 пайызбен кредит беру тетігі бар көлденең кооперацияны дамытуды еліміздің барлық өңірлерінде енгізу жоспарланып отыр. Осы ретте аталмыш қанатқақты жоба өте маңызды саяси әлеуметтік әлеуетке ие. Жоба жеке қосалқы шаруашылықтарды қолдауға және ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытуға негізделген. Оның іске асырылуы жер телімдерін пайдалану және мал шаруашылығын дамыту бойынша жаңа мүмкіндіктер береді.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Жоғарыдағы айтылғандарды ескере отырып, сізден қанатқақты жобаның одан әрі іске асырылуына және «2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына түзету енгізуде тиісті мемлекеттік органдарға тапсырма беріп, жүзеге асырылуын сұраймыз.

Құрметпен, Сенат депутаттары Нұралиев, Жұмағазиев, Мусин, Қожамжаров, Орынбеков, Мамытбеков». Рақмет.

ТӨРАҒА. Келесі сөз депутат Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлына беріледі.

КҮРІШБАЕВ А. Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы. Бұл депутаттық сауалды Премьер-Министр Мамин мырзаға жолдаймыз.

Біздің басты кемшілігіміздің бірі кадрларды даярлау жүйесін заман талабына сай қалыптастыра алмағанымыз. Бұл мәселе қазір экономикамызды дамытудың елеулі тежегіші болып отыр.

Осы жағдайды түсініп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бюджет тапшылығына қарамастан, ағымдағы оқу жылынан бастап жоғары оқу орындарындағы мемлекеттік білім беру гранттарының құнын бірнеше есе көбейтті. Бірақ университеттердің бүгінгі ахуалына қарап, білімге салынатын бұл инвестициялар толыққанды ақталады деп сеніммен айта алмаймыз.

Жоғары оқу орындарына академиялық еркіндік бере отырып, біз маңызды қадам жасадық. Бірақ олар толыққанды автономдық басқаруға әлі ие болған жоқ. Өйткені біз тек ұйымдастырушылық-құқықтық құрылымда өзгерістер жасадық, ал университеттердің ғылыми әлеуеті, білім беру бағдарламалары, инфрақұрылымы және басқару жүйесі өзгерген жоқ.

Біріншіден, біздің университеттер студенттерге іргелі ғылымдар бойынша тиісті деңгейде заманауи білім бере алмай отыр. Сонымен қатар бізде алынған теориялық білімді практика жүзінде бекіту үшін тәжірибелік базалар жоқтың қасы.

Екіншіден, дамыған елдерде барлық көшбасшы университеттер ғылыми-зерттеу оқу орны болып табылады. Онда зертхана-аудитория-өндіріс бір құрылымға біріктірілген. Ғылыммен жемісті айналысып, бәсекеге қабілетті болу үшін олардың оқытушылары өндірістің қажеттіліктерін жақсы біледі, ғылыми зерттеулерінің нәтижесі бірден жаңа білім беру бағдарламаларына айналып, оқу үдерісіне енгізіледі. Сондықтан олардың студенттері үнемі заман талабына сай білім алып отырады.

Өкінішке қарай, еліміздегі көптеген университеттерде мұндай жүйе жоқ. Ал зерттеу университеті болып құрылған жоғары оқу орындары беделді мәртебеден басқа, ешқандай қосымша мемлекеттік қолдауға ие емес.

Үшіншіден, жетекші шетелдік университеттердің табысқа жету жолының тағы бір ерекшелігі, оларда академиялық саясат, даму стратегиясы тек университеттің ғылыми кеңесі шешімімен анықталады. Дамыған елдерде ғылыми кеңесті «жұмсақ билік» деп атайды. Ректор сол кеңес шешімдерінің орындалуын ғана қамтамасыз етеді. Оның бұл лауазымға кандидатурасын да ғылыми кеңес мүшелері ұсынады және ол белгілі бір мерзімге ғана сайлануға құқылы. Осылайша, ғылыми кеңес ұжымдық басқарудың, университетті тұрақты және жүйелі дамытудың кепіліне айналған. Ал бізде университеттің даму траекториясы көптеген жылдар бір адамға, тек басшыға тәуелді.

Біздің ұсыныстарымыз:

1. Назарбаев университетінің үлгісі бойынша отандық жоғары оқу орындарын толыққанды автономды басқаруға көшіру жөніндегі басталған реформалардың аяқталуын тезірек қамтамасыз ету керек.

2. Университеттерді зерттеу бағытындағы жоғары оқу орындарына айналдыру үшін мемлекеттік қолдаудың жүйелі шаралары қажет. Бұл ретте АҚШ, Германия, Қытай, Ресей және тағы да басқа елдердің үлгісінде отандық университеттердің ғылыми-техникалық әлеуетін дамытудың арнайы мемлекеттік бағдарламасын қабылдау өте маңызды.

3. Үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес университеттер заманауи басқару жүйесіне ауысу керек. Атап айтқанда, жоғары оқу орындарындағы ғылыми кеңестің алқалы басқару органы ретіндегі өкілеттігін заңнамалық тұрғыдан нақтылау қажет. Ректор тек ашық конкурс негізінде тағайындалуы тиіс. Сонымен қатар біздің ректорларымыз шетелдік жетекші университеттердегідей белгілі бір мерзімге ғана сайланып, ауысып тұруы керек.

Бұл жоғары оқу орындарының серпінді дамуын қамтамасыз етеді және жас кадрлардың бәсекелестігіне жол ашады.

Білім және ғылым министрлігінің мәліметіне сәйкес 2019 жылы мамандарды дайындау бағыттары бойынша мемлекеттік білім беру грантында оқыған университет түлектерінің тек 40-74 пайызы ғана жұмысқа орналасқан екен. Оның өзінде олар өз мамандықтарына сәйкес жұмысқа орналасты ма, жоқ па, белгісіз. Егер қазіргідей жағдай өзгермесе біз жылда бюджет қаражатының кем дегенде 10 миллиард теңгесін тиімсіз жұмсап отырамыз. Бұл дәйектер еліміздің жоғары білім саласындағы елеулі кемшіліктердің бетін ашып отыр. Мұндай мәселе тек жеке меншік университеттерді жабумен шешілмейді. Сондықтан жалпы еліміздің университеттік жүйесін түбегейлі реттейтін уақыт келді.

Құрметпен, депутаттар Күрішбаев, Дүйсембинов, Сүлеймен, Нухұлы». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлына беріледі.

ЖҰМАҒҰЛОВ Б.Т. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Депутаттық сауалымды Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолдаймын. Уақыт үнемдеу үшін оның қысқаша мазмұнымен таныстыра кеткім келеді, ал депутаттық сауалдың толық нұсқасы қосымша тіркелетін болады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев оқулықтар сапасының өзекті мәселеге айналып отырғанын атап өтті. Сапасыз оқулық дайындаушылардың жауапкершілігін қарауды тапсырды.

Президент өзінің Семейдегі сапарында зиялы қауым өкілдерімен кездесу кезінде бұл мәселеге баса мән беру керек екенін тағы да бір атап өтті.

Бұл жүйені маман ретінде жақсы білетіндіктен төмендегі мәселелерге тоқталғым келеді.

1996 жылы қабылданған мақсатты бағдарламаға орай отандық оқулықтар жазыла бастады. Оқулықтардың авторлары ең алдымен 2002 жылы қабылданған Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына, бағдарламаларға сүйенді. Оған 2010 – 2012 жылдары қосымша өзгерістер енгізілді.

Оқулықтар туралы сын әр кезде болып жатты. Бірақ 2016 жылдан бері үзбей жалғасып келе жатқан сын бұрын-соңды мұндай деңгейде болған емес. Мұның себеп-салдары неде?

Біріншіден, білім беру жүйесі Кембридж моделін ала отырып, жедел түрде жаңартылды. Талқыланғанда практикалық сынақсыз жыл сайын үш сынып осы жүйеге көшірілді.

Екіншіден, стандарттар мен бағдарламалар жан-жақты талқылаудан және сараптамадан өтпеді. Оқулық авторларына да жаңа бағдарламаның мақсат-міндеттері толық жеткізілмеді.

Үшіншіден, авторларға оқулықтарды әзірлеуге берілген уақыт өте тығыз болды.

Төртіншіден, авторлар мен сарапшылардың жеткілікті деңгейі, дайындығы мен тәжірибесі болмады. Оқулықтар оқу процесіне енгеніне қарамастан, барлық оқу пәндері бойынша оқу бағдарламаларына үздіксіз өзгертулер енгізіліп жатты. Сонымен қатар көптеген мектеп пәндері өзінің құрылымдық және методикалық жүйесінен, тұтастығынан, пәнаралық және деңгейаралық сабақтастығынан ажырап қалды. Оқушылардың жас деңгейі ескерілмей, оқу материалдары үнемі толықтырылып жатты. Барлық мектеп пәндерінің мәні мен мазмұны өте қысқа мерзімде қайта жүйеленді. Оқу бағдарламаларын жаңа концепцияға сай қайта құру, жаңа мазмұнмен толықтыру жұмыстарында ғылыми негіз, методикалық бағдар жеткілікті деңгейде ескерілмеді.

Сапалы бағдарлама болмаса сапалы оқулық қалай жазылмақ? Ол оқу бағдарламалары кітап авторларына, мұғалімдерге түсінікті болу керек пе деген сұрақ туындайды.

Көзделген реформаларды іс жүзінде жүзеге асыруда, жоспарлауда жалпы қоғам тарапынан сын-пікір көптеп айтылды. Реформаны шұғыл түрде кемшіліктерді ескермей, жан-жақты мониторинг, терең сараптама жасамай жүргізе берсек алдымыздан жаңа қайшылықтар туындауы әбден мүмкін.

Сонымен жоғарыда аталған мәселелердің шешімі ретінде ұсыныстарымызды келтіргім келеді.

Біріншіден, бүкіл мәселенің түпкі себебі стандарттар мен оқу бағдарламаларында жатқандықтан олардың әзірлеу, сараптамадан өткізу жұмыстарына баса мән беру қажет деп ойлаймын. Оқулықтар соның негізінде жазылады.

Екіншіден, аталған стандарттар мен бағдарламаларды әзірлеуші Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық академияның ғылыми әлеуетін көтеру, онда қызмет ететін ғалымдарға үстемақы төлеу мәселесін шешу қажет.

Үшіншіден, оқулық жазу көп күш пен уақытты қажет ететіндіктен авторларға шығармашылық демалыс беру мәселесін де қарастырған жөн деп ойлаймын.

Төртіншіден, сараптама жасау мен сынақтан өткізу механизмдерін толығырақ жетілдіру керек.

Бесіншіден, оқу құралдарында пайдалануға тиісті терминдерді бекіту жұмыстарын қолға алу керек.

Алтыншыдан, 2024 жылы 12 жылдық білім жүйесіне көшеміз, алда үш жыл ғана мерзім қалды. Ал авторлық коллективтердің құрамын айқындау, оқулықтарды жазу, оларды сараптамадан және сынақтан өткізу үшін кемінде үш жыл уақыт керек.

Осыны ескергенде ғана сапалы нәтижеге қол жеткізетін боламыз. Сондықтан да кешіктірмей, мемлекеттік жалпы білім беру стандартын, типтік оқу жоспарлары мен типтік оқу құралдарын бекітіп алу қажет деп білеміз.

Жоғарыда көтерілген мәселелер бойынша қазіргі Үкімет тарапынан қандай шаралар атқарылуда және қандай жоспарлар қарастырылып жатыр?

Сапалы оқулық дайындау, ғылыми-практикалық тұрғыда сынақ пен сараптама өткізудің талаптарын күшейту үшін қандай қадамдар жасалмақ?

Кітап авторлары тарапынан сапасыз оқулық дайындалған жағдайда заңнамалық тұрғыда қандай шара қолданылатын болады?

«Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңына сәйкес сізден, Асқар Ұзақбайұлы, депутаттық сауалымызға жазбаша түрде жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары».

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет, регламентті бұзғаныма кешірім сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, регламентті сақтайық.

Слово для озвучивания депутатского запроса предоставляется депутату Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Одной из задач, которые озвучил Глава государства в своем Послании народу Казахстана в сентябре текущего года: «В нынешних сложных условиях наша главная задача – сохранение социально-экономической стабильности, занятости и доходов населения».

На сегодняшний день общая задолженность по заработной плате предприятий перед работниками составляет порядка 1 миллиарда тенге перед 3400 работниками (991 миллион тенге – это просроченная и 86 миллионов тенге – это текущая).

Между тем анализ показал следующую картину:

50 предприятий имеют задолженность 536,3 миллиона тенге и являются бездействующими (1374 работника), в том числе 42 предприятия являются обанкротившимися с задолженностью 481 миллион тенге перед 1026 работниками;

16 предприятий с задолженностью 115,4 миллиона тенге не имеют перспектив к погашению долга по причине отсутствия имущества и активов;

34 предприятия с долгами на сумму 455,62 миллиона тенге (1381 работник) имеют незначительные перспективы к погашению в связи с арестом имущества, его неликвидностью, затянувшимися судебными спорами и другими причинами.

В связи с чем прошу рассмотреть возможность:

1) проведения мониторинга социальной напряженности и рисков возникновения трудовых конфликтов;

2) определения по каждому предприятию Индекса социальной стабильности;

3) в рамках трехсторонних комиссий по социальному партнерству при местных исполнительных органах оценить ситуацию каждого проблемного предприятия с выработкой конкретных мер по их разрешению;

4) уделения повышенного внимания градообразующим и крупным предприятиям, обстановка в которых влияет на общественно-политическую ситуацию в регионе;

5) проведения мониторинга прогнозного высвобождения работников в разрезе регионов и предприятий с численностью более 50 работников для обеспечения системного отслеживания на рынке труда;

б) использования единой системы учета трудовых договоров для мониторинга и контроля в вопросах высвобождения работников и их трудоустройства, а также недопущения роста задолженности по заработной плате.

В соответствии со статьей 27 Конституционного закона «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» о результатах рассмотрения депутатского запроса и принятых мерах по их реализации просим дать письменный ответ в установленный законом срок.

Полный текст депутатского запроса прилагается.

С уважением, Лукин, Сафинов, Абдикеров, Айтпаева, Макежанов, Сулеймен».

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы. Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Ұзақбайұлы Маминге жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Биыл Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы негізінде Түркістан қаласында Халықаралық туризм және меймандостық университеті ашылды.

Жаңа университет Қазақстан Республикасында туристік қызметті дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында құрылды. Түркістан қаласы – тегі бір, тарихы ортақ түркі елдерінің түп қазығы. Бүгінде Түркістан исі мұсылман елдері үшін ғана емес, дүниежүзі халқы үшін де қадірлі мекенге айналған. Жыл сайын әлемнің түкпір-түкпірінен 1 миллионнан астам адам келеді. 2025 жылы Түркістан өңіріне 5 миллионға жуық турист келеді деп жоспарлануда. Туризмді дамытып, саяхатшыларға сапалы қызмет көрсету мақсатында туризм және қонақжайлылық саласындағы мамандарды даярлау үшін Қазақстандағы халықаралық деңгейдегі алғашқы мамандандырылған университетті ашудың маңыздылығын атап өткен жөн.

Түркістан қаласындағы жаңа Халықаралық туризм университеті биылдан бастап талапкерлерді қабылдады. Алғашқы 588 студент 6 білім беру бағдарламасы бойынша оқуды бастады.

Коронавирус пандемиясы іс жүзінде үлкен жанжалдан құтқарды деуге болады, себебі аталған барлық студенттер онлайн режимінде оқуды бастады.

Бізді таңғалдырған жағдай осы уақытқа дейін аталған университеттің ғимаратын жабдықтауға бюджет қаражатын бөлу мәселесі шешілмегендігінде болып отыр. Түркістан облысының әкімдігі 4 ғимарат бөлген, олардың екеуі жаңа болса, екеуі жөндеуден өткен бұрынғы ғимараттар. Бүгінгі таңда ғимараттар қаңырап бос тұр.

Білім және ғылым министрлігінің болжамына сәйкес келесі оқу кезеңінен студенттердің оқу орындарына барумен дәстүрлі оқуын қайта бастауы күтілуде. Бірақ Халықаралық туризм және меймандостық университеті студенттеріне бұл өзгеріс қалай болмақ?

Сонымен қатар 2019 жылғы 8 қарашадағы Қажымұқан Мұңайтпасұлының 150 жылдық мерейтойын дайындау мен өткізуге қатысты депутаттық сауалымызға

қазақтың әйгілі палуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлының 150 жылдық мерейтойы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2018 жылғы 25 тамыздағы № 228 бұйрығымен бекітілген 2019 – 2021 жылдарға арналған мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесіне енгізілгенін хабарлап, қазақтың белгілі палуаны Қажымұқан Мұңайтпасұлының 150 жылдық мерейтойын мерекелеу Үкіметтің ерекше бақылауында екенін және тиісті деңгейде аталып өтілетінін жеткіздіңіз.

Түркістан облысында Қажымұқан Мұңайтпасұлының 150 жылдығына орай қазақ даласы батырының атына мемориалдық кешен салынатын болып жоспарланған. Заманауи үлгіде бой көтеретін нысанның құрылыс жұмыстары үстіміздегі жылдың қараша айында басталып, 2021 жылдың қазан айында пайдалануға беріледі деп күтілген болатын. Алайда қазіргі жағдайда бұлай деу мүмкін емес секілді, себебі құрылыс жұмыстарын бастауға тиісті қаражат қаралмаған.

«Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық көлік дәлізі бойында салынатын мемориалдық кешеннің жалпы аумағы 5 гектарды құрайды. Онда кітапхана, көрме залы, қонақ үй, асхана, конференц залы, спорт залы және басқа да қажетті бөлмелермен қамтылмақ. Сондай-ақ спорттың бірнеше түрімен шұғылдануға лайықты кешен түрлі деңгейдегі жарыстарды өткізуге де ыңғайлы болмақ. Аталған мемориалдық кешен аймақтағы туризмді дамытуға өз үлесін қосады.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Бұл мәселелердің жедел шешімді қажет ететінін ескере отырып, сізден жоғарыда айтылған даңқты палуан, ұлтымыздың мақтанышы – Қажымұқан Мұңайтпасұлының 150 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде өткізу үшін жоспарланған мемориалдық кешенді салуға тиісті қаражатты және де Халықаралық туризм және меймандостық университетінің толық қуатына әлі жетпей, тек бірінші курста ғана оқу жүріп жатқанын ескере отырып, жоғарыда аталған 4 негізгі ғимараттың біреуін жабдықтауға қажетті 577 миллион теңгені 2021 жылдың бюджетінде қарауды сұраймыз.

Құрметпен, депутаттар Құртаев, Бектаев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, басқа сауалдар жоқ.

Бүгін елдік мүддеге қатысты маңызды заңдарды қабылдап, нәтижелі жұмыс істедік. Баршаңызға рақмет. Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТИ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 5 қараша

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Республики Беларусь о сотрудничестве в области миграции», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Е.З. ТҰРҒЫМБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра внутренних дел Республики Казахстан ТУРГУМБАЕВА Е.З. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НҰРСИПАТОВ Н.Н. 2

СЫЗДЫҚОВ М.З. – Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің орынбасары, заместитель Министра иностранных дел Республики Казахстан 3

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Р.Қ. ӘБДІКЕРОВТИҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам АБДИКЕРОВА Р.К. 3

Сөз сөйлеген:

Выступила:

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. 4

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Кеме қатынасы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о судоходстве», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Б.С. ҚАМАЛИЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад вице-министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан КАМАЛИЕВА Б.С. 5

Сөз сөйлеген:

Выступил:

КАРПЛЮК С.А. 6

**Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі
С.Т. АЛДАШЕВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству АЛДАШЕВА С.Т. 7

Сөз сөйлеген:

Выступил:

СҰЛТАНОВ Е.Х. 8

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам охраны Государственной границы Республики Казахстан и национальной безопасности», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан, (первое чтение)

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты
Н.Н. НҰРСИПАТОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад депутата Сената Парламента Республики Казахстан НУРСИПАТОВА Н.Н.10

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

МУСИН Д.М.11

ДІЛМАНОВ Д.А. – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры, заместитель Председателя Комитета национальной безопасности Республики Казахстан – Директор Пограничной службы12

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі
С.М. ЕРШОВТЫҢ қосымша баяндамасы**

Содоклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности ЕРШОВА С.М.13

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

МҰСАБАЕВ Т.А.14

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А.14

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету және ұлттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым)

О проекте Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам охраны Государственной границы Республики Казахстан и национальной безопасности» (второе чтение)

**Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі
С.М. ЕРШОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности
ЕРШОВА С.М. 15

**Депутат Ә.Ә. БЕКТАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата БЕКТАЕВА А.А. к Премьер-Министру Республики
Казахстан Мамину А.У. 16

**Депутат Ә.Т. НҰРАЛИЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата НУРАЛИЕВА А.Т. к Премьер-Министру Республики
Казахстан Мамину А.У. 16

**Депутат А.Қ. КҮРІШБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата КУРИШБАЕВА А.К. к Премьер-Министру Республики
Казахстан Мамину А.У. 17

**Депутат Б.Т. ЖҰМАҒҰЛОВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ЖУМАГУЛОВА Б.Т. к Премьер-Министру Республики
Казахстан Мамину А.У. 19

**Депутат А.И. ЛУКИННИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан
Мамину А.У. 21

**Депутат Ә.С. ҚҰРТАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**


Депутатский запрос депутата КУРТАЕВА А.С. к Премьер-Министру Республики
Казахстан Мамину А.У. 22

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің
жетекші редакторы



И. Шыныбаева